РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

SAQSHY

www.polisia.kz

№20 (4570)

Газет 1933 жылдан бастап шығады

Сейсенбі, 17.03.2020

Абай әлемінде

Абай тақырыбындағы бейнелеу өнері туындыларымен толықтыру жұмысының алтын тін арқау жібі еш үзілмек емес. Абай тақырыбы қай кезде болсын, өнер қайраткерлері үшін де, бойында дарын, қабілеті бар кез келген жан үшін де үнемі шоқтығы биік шығармашылықтың қайнар көзі болып қала бермек.

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Тас жарған талант ол сенің байлығыңа, кедейлігіңе немесе сотталған-сотталмағаныңа қарамай қонатын ұлы қасиет. Тек соны өшіріп алмау қажет. Шығармашылықты әрі қарата шыңдап, дамыту ләзім. Ұлы ақын Абайдың: «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы», – дегеніндей, талайды талантымен бас игізген Һәкім тұлғасын сомдау, яғни, қарындашпен қағазға түсіру сотталғандар арасындағы жандарды да айналып өтпесі айтпаса да белгілі. Олардың сүйікті тақырыбымен айналысуына шектеу қойылмайды. Керісінше, оларға қолдау көрсетілуі керек. Жетістіктерін жұртқа жар салып жеткізу – жарасымды іс. «Сонда да солардың бар таңдамасы» дегендерін дүйім елге көрсетіп көзақы алуға болатындай-ақ! Бұл – олардың бойындағы үміт сәулесін өшірмей, алдағы күнге деген сенімін бекіте түспек.

Сөзбұйдаға салмай, өнерімен көпшілікті тәнті қылған сондай жандардың өнері туралы сөз қозғамақпыз. Тоқетерін айтқанда, Шығыс Қазақстан облысында ауыр қылмысы үшін жазасын өтеп жатқан әйел ұлы ақынның портретін салды. Абай Құнанбаевтың портретін салған қылмыскер ШҚО Қылмыстық атқару жүйесі департаментінің ОВ 156/21 әйелдер колониясында жазасын өтеуде. Идеяның өзі – жазасын өтеуші Екатеринаға тиесілі. «Өнерде шекара жоқ» деген осы болса керек, сірә! Ол ешкімнің айтуынсыз, нұсқауынсыз салып шыққанын былайша жеткізеді:

– Ұлы ақынның суретін салу туралы ой маған ең алғаш Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына арналған іс-шараны өткізу барысындағы дайындық кезінде келді. «Республикалық көлемде өткелі жатқан шараға неге тамшыдай болсын, өз үлесімді қоспасқа?» деп ойлап, алдыма мақсат қойдым. Сөйтіп, межелі уақытта туындымды аяқтап шықтым. Бағасын жұрт өзі бере жатар. Менің міндетім – Пушкин, Лермонтовтармен рухтас қазақ ақынының бейнесін көпшілікке боямасыз ұсыну.

Абайдың бейнесі салынған плакатты ұсынған Екатерина (есімі өзгертілді) сурет салумен ғана шектелмей, ақынның өмірбаяны мен шығармашылығы туралы да айтып берді. Әрине, кітаптан суретін көріп салу оңайдың оңайы, ал оны оқып, тоқып, зерттеп-зерделеп, тереңіне бойлап, қаламыңа қанат бітіріп тындырған еңбектің ләззәті бір бөлек дүние екенін өнер иелері жақсы түсінеді.

Шынын айтқанда, портреттің таныстырылымына шақырылған қонақтар, сотталғандар мен мекеме әкімшілігі кәсіби суретшіге тән таланттың еңбегін бірауыздан мойындап, таңданыстарын жасыра алмады. Жақсы үрдіс жалғасын таба берсін демекпіз.

ЖУРНАЛИСТЕР ТЕРГЕУ МЕКЕМЕСІНДЕ

Қызылорда қаласындағы ЗК-169/1 мекемесіне журналистер келді. Басты мақсат – ақпарат ұсыну бойынша ЗК-169/1, 4, 5 мекемелерінің БАҚ-қа жауапты мамандары мен жеке құрамға сабақ өткізу.

Дана ДОСТАНОВА,
Қызылорда облысы

Облыстық «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты газет тілшілері ҚАЖ қызметкерлерінің ақпарат жазу, ұсыну бойынша сұрақтарына нақты жауап берді. Алғашқы болып сөз алған «Сыр бойы» газетінің тілшісі Айдана Жұмадинова болды. Ол ҚАЖ саласы бойынша жолданған мақаланың мән-мағынасына тоқталып өтіп, кемшін тұстарын жеткізді.

Одан соң «Ел тілегі» газеті бас редакторының орынбасары Жансая Нұрқожа баспасөзге мақала ұсынуда публицистикалық стильді басты назарда ұстау керектігін ескертті. Мақаланы жазуда тақырыпты дұрыс қойып, өткен іс-шараның мақсатын ашу үшін қатысушылардың негізгі іс-әрекеттерін баяндап жазу керек екенін баса айтты.

Ал «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Ерсін Шамшадин мақала жазуда нақтылықтың жетіспейтіндігі жайлы әріптесінің ойын одан әрі өрбітті.

«Ақмешіт ақшамы»-ның тілшісі Таңшолпан Кенжебаева құқық саласындағы терминдердің синонимдерін орынды пайдалану қажеттігін атап өтті.

Кездесу барысында осы мекеменің кадр саясаты тобының инспекторы, әділет лейтенанты Нұржан Көшеров, ҚАЖ саласында ерлік танытып жүрген қызметкерлердің ерен еңбегі туралы мақалалардың жарыққа шықпай жатқандығына қынжылды. Осы ойды жалғастырған ЗК-169/5 мекемесі бастығының тәрбие жұмыстары бойынша орынбасары Жалғасбай Есмаханов, осындай кездесулерді жиі ұйымдастыру керек, сонда ғана мекеме қызметкерлерінің мақала жазудағы деңгейі көтеріліп, бірізділікке түседі деді.

Қызықты да тартысты өткен кездесуде мекеме қызметкерлері тарапынан ұсыныстар да көп айтылды.

2-бет

Мемлекет басшысы халыққа үндеу жолдады

16 наурыз күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа үндеу жолдады. Мемлекет басшысы сөзінің толық нұсқасын назарларыңызға ұсынамыз.

3-бет

Ерекше қызмет режиміне көшті

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев ІІМ басшылығының, оның қызметтерінің, сондай-ақ полиция, төтенше жағдайлар департаменттерінің, қылмыстық атқару жүйесінің және ведомстволық оқу орындары басшыларының қатысуымен бейнеселекторлық кеңес өткізді.

3-бет

Ұландықтар марапатталды

Таяуда өртенген үйден үш газ баллонды алып шыққан ұландықтарды Ұлттық ұланның елордалық 5573 әскери бөлімінде құрметтеп, лайықты марапаттар тапсырды.

5-бет

«Қарттарым, аман-сау жүрші!..»

Таяуда Нұр-Сұлтан қаласы МКҚБ мәжіліс залында өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалар ерлігін үлгі ету, жастарға өнеге ретінде еңбектерін дәріптеу мақсатында және милиция ардагерлері – Манап Уахитұлы және Бегайдар Әбдіқадырұлының мерейтойлары қарсаңында «Ер есімі – ел есінде» атты іс-шара өтті.

АҚШ

БИЛЛ ГЕЙТС КЕТТІ

Америкалық кәсіпкер Билл Гейтс Microsoft компаниясының басшылығынан бас тартты.

Ол мұндай шешімді денсаулық сақтау, білім, ғылым саласындағы қайырымдылық және климаттың өзгеруімен айналысу мақсатында қабылдаған.

Бірақ кәсіпкер компанияның бас директорының техникалық мәселелер жөніндегі кеңесшісі болып қала бермек.

Еске сала кетейік, Майкрософт компаниясын 1975 жылы Билл Гейтс пен Пол Аллен құрған. «Форбс» журналының нұсқасы бойынша Гейтс биыл қаңтар айында әлемдегі ең бай адамдардың ішінде үшінші орынды иеленген.

24.kz
Фото: esquire.ru

МЕКСИКА

ҰШАҚ ҰТЫСҚА ТІГІЛДІ

Мексика президенті Андрес Мануэль Лопес Обрадор өз ұшағын ұтысқа тікті.

Boeing-787 оған бұрынғы президенттен қалған екен. Алайда қазіргі мемлекет басшысы оны «Жемқорлықтың белгісі» санайтынын айтады. Сондықтан әуе кемесін сатпақ болған. Бірақ 130 миллион доллар тұратын лайнерді алатын ешкім табылмапты.

Сөйтіп, президент оны ұтысқа тігіп, лотерея ойнатпақ болған. Билет құны – 500 песо, яғни шамамен 9 мың теңге. 100 жеңімпаз бір миллион доллардан алады. Қалған ақша ұшаққа қызмет көрсету шығындары мен денсаулық сақтау саласының қажетіне жаратылады. Жеңімпаздар 15 қыркүйекте, яғни Мексиканың тәуелсіздік күні қарсаңында белгілі болмақ.

24.kz

НЕПАЛ

ЭВЕРЕСТКЕ ЖОЛ ЖОҚ

Әлем елдерінде коронавирустың таралуына байланысты Непал билігі туристер мен альпинистер үшін Эверестке шығуға тыйым салды.

Шектеу наурыздың 14-інен сәуірдің 30-на дейін жалғаспақ.

Сонымен қатар аймаққа келген шетел азаматтарына уақытша виза берілмейтін болды. Ал ережеге бағынбай бұл елге кіргендердің барлығы алдымен 14 күн карантинде болуы керек.

Айта кетейік, қазір Непалда тек бір адам ғана КОВИД 19 вирусына шалдыққан. Ал, көрші тұрған Үндістанда дімкәс жандардың қатары 70-тен асты.

24.kz

Мемлекет басшысы халыққа үндеу жолдады

16 наурыз күні Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа үндеу жолдады. Мемлекет басшысы сөзінің толық нұсқасын назарларыңызға ұсынамыз.

Құрметті отандастар! Баршаңызға мәлім, қазір бүкіл әлем өте күрделі ахуалды бастан өткеруде.

Дүние жүзін коронавирустың таралуы алаңдатып отыр.

Бұл індет күннен-күнге ушығып барады.

Өкінішке қарай, осы дерт біздің елімізде де тіркелді.

Менің кешегі Жарлығыммен бүгін таңғы сағат 08.00-ден бастап Қазақстанның аумағында төтенше жағдай енгізілді.

Төтенше жағдай режимі 30 тәулікке созылады.

Президент жанынан Мемлекеттік комиссия құрылды. Оны Премьер-министр басқарады.

Барлық қажетті алдын алу шаралары жүзеге асырылады.

Қоғамдық тәртіп қатаң бақылауға алынады.

Көпшілік қатысатын іс-шаралар тоқтатылды.

Көптеген азаматтарымыздың алдағы мереке күндеріне орай жоспар құратынын түсінемін.

Дегенмен, бүкіл халықтың денсаулығы үшін осындай шешім қабылдап отырмыз.

Ірі сауда нысандарының жұмысын шектеуге мәжбүрміз, бірақ азық-түлік дүкендері және базарлар өз жұмысын жалғастыра береді.

Ойын-сауық орталықтары, кинотеатрлар, театрлар, көрмелер және жұртшылық көп баратын басқа да орындар уақытша жабылады.

Оқушылар демалысқа жіберілді. Студенттер қашықтан оқыту жүйесіне көшті.

Сондай-ақ, азаматтарымыз отбасылық іс-шараларды өткізбеген жөн деп санаймын.

Қазақстан Республикасының аумағына кіруге және шығуға шектеу қойылады. Мемлекеттік шекара бойындағы өткізу бекеттерінде, вокзалдар мен әуежайларда санитарлық режим күшейтілді.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет қорынан дәрі-дәрмек, тест-жүйелерін және зертханаға арналған жабдықтарды алу үшін қаражат бөлінді.

Ауруханаларда орын жеткілікті.

Осы шаралардың барлығы – азаматтардың денсаулығы үшін жасалып отырған өте маңызды қадамдар. Мұны дұрыс түсінесіздер деп ойлаймын.

Сақтанғанды Құдай сақтайды.

Бұл індетпен күресуге толық мүмкіндігіміз бар екенін баса айтқым келеді.

Бұл қиындықты бәріміз бір халық, бір қоғам болып міндетті түрде еңсеріп шығамыз. Бұл – уақытша дүрбелең.

Осы дағдарыстан абыроймен өтуіміз керек!

Енгізілген шектеулерге әр азамат жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Әр адам барынша сақтанып, вирустың таралмауына атсалысуы қажет.

Еліміздің барлық азаматтары өкілетті органдардың қызметіне қолғабыс көрсетеді деп сенемін.

Осындай кезде бәріміз сабыр сақтап, тәртіпке бағынуымыз керек.

Дерттің алғашқы белгілері пайда болған жағдайда бірден тұрғылықты жердегі дәрігерге қаралу қажет.

Бәріміздің азаматтық жауапкершілігіміз осындай сәтте сыналады.

Біз экономикалық жағдайды басты назарда ұстаймыз.

Мемлекет барлық әлеуметтік міндеттемелерін орындайды.

Елбасымыздың сарабдал саясатының арқасында бұған қажетті қорымыз қалыптасты. Қаражат бар.

Осы орайда, азық-түлік қоры жеткілікті екеніне назар аударғым келеді.

Күнделікті тұтынатын тауар бағасын негізсіз қымбаттатуға жол берілмейді.

Біз ел-жұртты дүрліктіретін, арандататын әрекеттерге тыйым саламыз.

Жалған ақпарат таратып, дүрбелең туғызатындар заңға сәйкес жауапқа тартылады. Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет-ресурстар тек ресми мәліметтерге сүйеніп, жұмыс істеуі керек.

Біз осы жаһандық кеселге қарсы тұру үшін күш-жігеріміздің мықты екенін көрсетуіміз қажет.

Татулық пен тұтастықтың арқасында кез-келген қиындықтан шығуға болады.

Сондықтан, бәріміз бір адамдай жұмылып, қауіпті індетпен күресуіміз қажет.

akorda.kz

Ірі сауда орындарының жұмысы шектеледі

ҚР Президентінің елде төтенше жағдай жариялауына және халықтың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында Сауда және интеграция министрлігі бірқатар шараларды қабылдау жөнінде кеңес берді.

«Біріншіден, ірі сауда нысандары таңғы сағат 10-нан кешкі 18:00 дейін ғана жұмыс істегені жөн. Осы аралықта санитарлық қауіпсіздік талаптары қатаң сақталуы тиіс. Сауда орталығының аумағындағы кинотеатр, балалар орталығы, кез келген ойын-сауық алаңдары жабылады. Азық-түлік дүкендері, супермаркеттер және азық-түлік базарлары қалыпты режимде жұмыс істей береді. Тек санитарлық дезинфекциялық шаралар күшейтіледі. Нан және кондитер өнімдерін қапталған күйінде сатқан дұрыс. Екіншіден, азық-түлік сатпайтын базарлар таңғы 11:00-ден кешкі 17:00-ге дейін ғана жұмыс істегені дұрыс» делінген хабарламада.

Министрлік санитарлық қауіпсіздік шараларын күшейту жөніндегі басқа да ақылкеңесін кейінірек қосымша хабарламақ.

inform.kz

Мектеп жетіспейді

Қостанай облысында 167 ауылда білім беру мекемесі жоқ. Бұл ақпаратты облыстық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Орал Қаппасов мәлім етті.

Облыста мектепке дейінгі ұйымдарда 17 мың бала кезекте тұр. Негізі, өңірде мектепке дейінгі жүйені дамытудың 2025 жылға дейінгі жоспары әзірленген-ді. Оған сәйкес 50 балабақша кезең-кезеңімен жаңғыртудан өтеді. Бұл жыл сайын бес мыңға жуық баланы қосымша қамтуға және мемлекеттік бағдарламада белгіленген көрсеткішке қол жеткізуге мүмкіндік береді.

– Биылғы дерек бойынша 167 ауылдық елді мекенде білім беру мекемелері жоқ. Бұл ауылдарда мектеп жасындағы 1538 бала тұрады. Олар көршілес ауылдардағы мектептерге арнайы бөлінген автобуспен қатынап оқиды. Техника паркі жаңартуды қажет етеді. Осы мақсатта 2022 жылға дейін 30 автобус сатып алу жоспарда бар, – деді Орал Қаппасов.

Қостанай облысында 47 мектеп күрделі жөндеуді күтіп тұр. Оған жалпы сомасы 14 млрд теңге қаражат керек.

– Осы жылы 3 млрд теңгеге 15 мектепті жөндеуден өткізу жоспарланып отыр, үш мектеп апатты жағдайда. Алдағы уақытта бұл ғимараттардың орнына әрқайсысы 320 орындық үш жаңа мектеп салынады. Былтыр Әулиекөл ауданына қарасты Аманқарағай ауылында апатты жағдайда тұрған ескі мектептің орнына жаңа мектеп салына бастаған. Оның құрылысы биыл шілде айында аяқталмақ. Қалған екі мектеп 2023 жылға дейін салынып, пайдалануға беріледі, – деді басқарма басшысы.

inform.kz
Фото: azattyq.org

Жалақы мәселесін шешті

Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев «Жасыл Ел – Тараз» ЖШС-ның жұмысымен танысты.

Кәсіпорын қарамағында 105 арнайы техника бар. Онда барлығы 680 адам жұмыс істейді. Кәсіпорын 78 көшеге, 42 саябақ пен сквергe қызмет көрсетеді, мыңдаған көп қабатты тұрғын үйдің қалдықтарын шығарады. Алдағы уақытта 22 бірлік арнайы техника, оның ішінде қоқыс тасығыштар мен самосвалдар және басқа да құрал-жабдықтар сатып алу жоспарланған.

Компания басшылығымен болған әңгіме барысында Бердібек Сапарбаев кәсіпорын қызметкерлерінің алдында жалақы бойынша қарыздары бар екенін, ол туралы әлеуметтік желіге азаматтардан тиісті өтініштер келіп түскенін баса айтты. ЖШС директоры Сәкен Икрамов белгілі себептермен қаңтар айының жалақысы кешігіп төленгенін растады. Бүгінде қызметкерлер алдындағы бересек толық көлемде өтеліпті.

– Ешқандай қарыз болмауы керек. Жұмысшылар жалақыларын уақытылы алуы тиіс. Қала әкімдігі мен еңбек инспекциясы бұл мәселені ерекше бақылауға алып, қажет болған жағдайда қатаң шаралар қолдануы керек, – дей келе Бердібек Сапарбаев тиісті тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді.

Биыл кәсіпорын аумағы бес гектар болатын тоғыз жылыжайға ұлғайған. Өткен жылы ЖШС Таразда 1 миллионға жуық гүл отырғызса, биыл өз жылыжай алаңдарын ұлғайта отырып, 1,8 миллион түп өсімдік отырғызуды жоспарлауда. Сондай-ақ, биыл алғаш рет аталған жылыжайларда 8,1 мың шаршы метр аумақта көгал егілген. Оны өндірудің өзіндік құны 200 теңгені құрап отыр. Бұл бұрын сатып алынған көгал құнынан алты есе төмен.

inform.kz

Ерекше қызмет режиміне көшті

Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев ІІМ басшылығының, оның қызметтерінің, сондай-ақ полиция, төтенше жағдайлар департаменттерінің, қылмыстық атқару жүйесінің және Министрліктің оқу орындары басшыларының қатысуымен бейнеселекторлық кеңес өткізді.

Ару БҰХАРБАЙ,
Нұр-Сұлтан

Кеңеске ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті төрағасының орынбасары Нұрхан Сәдуақасов шақырылды, ол коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары туралы айтты.

ІІМ басшысы коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты Ішкі істер органдарының жеке құрамы қызмет атқарудың ерекше тәртібіне ауыстырылғанын атап өтті. Құқық тәртібін қамтамасыз ету бойынша шаралар күшейтілді, полиция мен Ұлттық ұланның жаяу жасақтары көбейтілді, сондай-ақ стратегиялық және аса маңызды мемлекеттік нысандарды күзету күшейтілді. Көп адамның қатысуымен өткізілетін кездесулер мен іс-шаралар тоқтатылды, қызметкерлердің шетелге шығуы мен қызметтік іссапарлары шектелді.

– Барлық деңгейде ІІМ қызметтері мен бөлімшелерін Денсаулық сақтау органдарымен жедел және нақты үйлестіруді қамтамасыз ету қажет. Полиция қызметкерлері, құтқару қызметі және Ұлттық ұланның әскери қызметшілері қазірдің өзінде

карантиндік іс-шаралар кезінде медициналық қызметтерге толық және жан-жақты көмек көрсетуде. Бұл ретте коронавирустық жағдайы қолайсыз елдерден келген азаматтарды медициналық мекемелерге алып жүруді жүзеге асыруда, – деді Ерлан Тұрғымбаев.

Қайрат СҮНТАЕВ

Игорь ЛЕПЕХА

Мұрат БАЙМҰҚАШЕВ

Талғат ӘБІЛМӘЖІНОВ

Кадрлық ауыс-түйіс

Қайрат Сүнтаев ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары болып тағайындалды. Тиісті Өкімге Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев таяуда ғана қол қойған болатын. Өзінің жаңа орынбасарын жеке құрамға Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаев таныстырды.

Ару БҰХАРБАЙ,
Нұр-Сұлтан

Қайрат Сүнтаев 1961 жылы туған. Құқық қорғау органы саласындағы алғашқы еңбек жолын 1992 жылы Павлодар облысында Краснокут ауданы прокуратурасының тергеушісі қызметінен бастады. Басшылық лауазымдарда жұмыс тәжірибесі мол. Әр жылдары Астана қаласы бойынша Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаментінде жұмыс істеді, Тергеу және анықтау департаментін, сондай-ақ ІІМ тергеу комитетін, Атырау облысының Ішкі істер департаментін басқарды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Құқық қорғау жүйесі бөлімінде еңбек етті.

2014 - 2019 жылдар аралығында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында басшылық лауазымдарда жұмыс істеді. Ақтөбе облысы және Алматы қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросының департаменттерін, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросын басқарды.

Президент Әкімшілігінің келісімімен, ҚР Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың тағайындауымен Полиция генерал-майоры Игорь Лепеха ҚР ІІМ аппаратының басшысы болып бекітілді.

И.Лепеха 1962 жылы Қарағанды облысында туған. Ішкі істер органдарында 1986 жылдан бастап орта және аға басшы құрамның түрлі жедел лауазымдарында қызмет етті. Басшылық лауазымдарда жұмыс тәжірибесі жеткілікті. Әр жылдары патрульдік, әкімшілік полиция басқармасының басшысы, Қарағанды облысы полиция департаменті басшысының орынбасары, ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы болып қызмет атқарды. 2019 жылдың сәуір айынан бастап Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Штаб-департаментінің басшысы қызметін атқарды.

Мұрат Баймұқашев ҚР ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы болып тағайындалды.

М.Баймұқашев 1967 жылы туған, құқық қорғау органдарында 1994 жылдан жұмыс істейді. Ішкі істер органдарындағы жұмысын МАИ жол-патрульдік қызметі батальонының инспекторы лауазымынан бастаған. 1997 жылдан бері ІІМ Жол полициясы департаментінде жұмыс істеді, сондай-ақ Министрліктің орталық аппаратының бөлімдері мен департаменттерін басқарды. 2009-2019 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің кеңсесінде басшылық лауазымдарда жұмыс істеді, оның ішінде алты жылға жуық қорғаныс және құқық тәртібі бөлімін басқарды. 2019 жылғы сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесі Хатшысының орынбасары қызметін атқарды.

Бұрын ӘП комитетінің төрағасы қызметін атқарған Мақсат Байболов енді ҚР ІІМ резервіне ауыстырылды.

Бұрын осы бөлімше басшысының орынбасары болып жұмыс істеген полиция подполковнигі Талғат Әбілмәжінов енді ҚР ІІМ штаб-департаментінің басшысы.

Ұландықтар марапатталды

Таяуда өртенген үйден үш газ баллонды алып шыққан ұландықтарды Ұлттық ұланның елордалық 5573 әскери бөлімінде құрметтеп, лайықты марапаттар тапсырды.

Дарын СЕЙІТОВ,
Нұр-Сұлтан

Еске түсіріп өтсек, 6 наурызда Ұлттық ұлан патрулі құрамындағы әскери жасақ бастығы Арман Бақдәулетов, патрульшілер Ерген Өмірзақ пен Нұрбек Ораз бір әйелдің көмек сұраған дауысын естиді. Сол сәтте жедел оқиға орнына аттанған ұландықтар Балқантау көшесінде өртенген үйді көреді. Уақытты жоғалтпаған әскери жасақ өрт орнын қоршауға алып, 101 нөмірінене хабарласып, өрт сөндіруге кіріседі.

Арада бес минут өтпей жатып оқиға орнына әскери жасақ бойынша кезекші капитан Жеңіс Құрамысов келіп, қаруластарына өртенген үйден үш газ баллонды алып шығуға көмектеседі. Жарты сағаттан кейін келген өрт сөндіруші экипаж әскерилермен бірге үйдің өртенуін тоқтатады.

– Әскери қызметшілердің ерлігі, шын мәнінде өзгелерге үлгі. Төтенше оқиға орнынан уақытылы табылған олар жағдайды дер кезінде бағамдап, уақытылы көмек көрсетті. Өртенген үйден газ баллондарын алып шықты. Жауынгерлердің ата-аналарына лайықты тәрбие бергені үшін алғыс айтамын. Ұландықтардың басты мақсаты – ел азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Алдағы уақытта да әскери бөлімнің жауынгерлері қойылған барлық міндеттерді абыроймен орындайды деп ойлаймын, – деді 5573 әскери бөлімінің командирі, полковник Сәкентай Шекарбеков.

Адам өмірін құтқаруда көрсеткен қырағылықтары, жоғары кәсібиліктері ержүрек және батыл әрекеттері үшін жауынгерлер Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының бұйрығымен «Қоғамдық тәртіпті сақтағаны үшін» кеуде белгісімен және әскери бөлім командирінің құқығымен грамота және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Құрметтеу кешіне өрт шалған үйдің иесі Элмира Хамитова да ұландықтарға алғыс айту үшін арнайы келіпті. Оның айтуынша, сол бір кеште ол жұмыста болыпты. Оған қызы телефон соғып, үйдің өртеніп жатқанын хабарлаған. Үстіне мұздай су құйғандай әсермен ол үйіне қалай жеткенін де білмей қалған. Өйткені, үйде он жасар баласы мен күйеуі болған.

– Мен сарбаздарға сол кезде қасымнан табылғандарына алғысымды айтамын. Олар ештеңе айтпастан, тез арада өртті сөндіруге кірісті. Олардың игі ойлары мен жауапкершіліктері ошағымды аман алып қалды. Өзім көпбалалы анамын, бұл үй – жолдасым екеуміздің 30 жылдық еңбегіміздің жемісі. Санаулы сәтте-ақ, біз ештеңесіз қалар едік. Мен Ұлттық ұлан басшылығына еліміздің лайықты азаматтарын тәрбиелегендері үшін алғысымды білдіремін. Осындай азаматтардың арқасында елімізде тыныштық пен қауіпсіздік тұрақталып тұр, – деп көз жасын жасырмаған үй иесі алғысын айтты.

Шырақбек шырағы

9 наурыз Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы үшін тарихи күн. Жыл сайын 9 наурызда Академия басшылығы және жеке құрамы Ш.Қабылбаевты еске алып, мүсінінің алдына гүл шоқтарын қояды.

Азамат ӘЛНАЗАРОВ,
Қостанай облысы

Шырақбек Қабылбайұлының қысқаша өмірбаянына тоқтала кетсек, Шырақбек Қабылбаев (1908-1976 жж.) – мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (II рангілі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ІІМ еңбек сіңірген қызметкері. Ел алдындағы Ш.Қабылбаевтың қызметі және оның ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіруге қосқан үлесі зор.

Осыған байланысты 2014 жылдың 9-желтоқсанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1287 Қаулысымен Қазақстан Республикасы ІІМ Қостанай академиясына Ш.Қабылбаевтың құрметті есімі берілді. Ш.Қабылбаевтың тұлғасы, оның атқарған қызметі, Отан алдындағы еңбегі халық тарихының ажырамас және үйлесімді бөлігі болып табылады. Біз осыны есте сақтап, біліп және құрметтеуіміз керек, сонымен қатар келешек ұрпақтарға жеткізу – біздің парызымыз. Аты аңызға айналған министр Шырақбек Қабылбайұлының жарқын бейнесі әрқашан біздің жадымызда сақталып, жаңа жетістіктерге, жаңа жеңістерге жігерлендіреді, ынталандырады. Жалпы, Шырақбектің шырағы осы академияға есімі берілген күннен бастап, қайта жанды десек артық айтқанымыз болмас. Өйткені, оның есімімен қоса академияның есімі аталса, Шырықбек Қабылбайұлының абыройы арта түсетіні бәрімізге аян. «Ер есімі – ел есінде» деген осы. Алаш ұрпақтары қазақтың тұңғыш генералының халыққа сіңірген еңбегін ешқашан ұмытпайды.

Салтанатты мерейтой соңында курсанттар мен тыңдаушылар академияның әнұранына айналған «Шырақбек ата» әнін хормен орындады.

«Допинг» нәтижелері

Биылғы жылдың 10 наурызынан бастап Жамбыл облысы аумағында есірткі қылмысының алдын алу және ескерту мақсатында республикалық «Допинг» жедел-алдын алу іс-шарасы өткізілуде.

Асхат АЛМЕТОВ,
Жамбыл облысы

Іс-шараның алғашқы күні Жамбыл облысы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері Шу ауданы Төле би ауылының 41 жастағы тұрғынын ұстады.

Күдіктінің автокөлігін тексеру барысында пакетке салынған 4 келі 630 гр «Гашиш» есірткі заты табылды.

Тінту кезінде оның тұрғылықты мекенжайынан 12-калибрлі қару және оның 4 оғы, сондай-ақ қоймасынан 30 келі 380 гр салмақта кептірілген "Марихуана" есірткі заты анықталды.

Күдікті кінәсін толық мойындап, Шу қаласының уақытша ұстау абақтысына қамалды. Аталған дерек бойынша ҚР ҚК-нің 297-бабы 1-бөлімімен сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде.

Жауапкершілікке тартылды

Биылғы жылдың екі айы ішінде шетелдік жұмыс күшін тарту және пайдалану ережелерін бұзғаны үшін 17 жұмыс беруші мен 313 ақтөбелік әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Ерболат САРҚҰЛОВ,
Ақтөбе облысы

2020 жылдың екі айы ішінде аймақта алты мыңнан астам шетел азаматы тіркелген, соның ішінде ТМД елдерінен 5,7 мың адам болса, шет мемлекеттерден 300 адам.

Еңбек иммигранттарын заңдастыру мақсатында көші-қон қызметі басқармасынан 1410 рұқсат берілді, ал мемлекет кірісіне 21 млн теңге түсті. Сонымен қатар шетелдік жұмысшыларды тарту ережелерін бұзғаны үшін Ақтөбе облысының 17 жұмыс берушісі және қабылдаушы тарап болып сөз сөйлеген 313 ақтөбелік әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Көші-қон қызметінің бөлімшелерімен 2,1 млн теңге сомасына әкімшілік айыппұл салынды және 2,1 млн теңге өндіріп алынды. Ол 97,7%-ды құрайды. Жалпы, 177 борышкер/жауапкердің ішінен 43 азаматтың орналасқан жері анықталды, бұл 24,3%-ды құрайды.

Жыл басынан жұмыс жемісті

Петропавл Полиция Басқармасы патрульдік полиция батальоны қызметкерлері жыл басынан бері 49 қылмыс ашып, 4400-ден астам құқық бұзушылықты анықтады.

Юрий КЛЫКОВ,
СҚО

Қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күн сайын 90-нан аса патрульдік полицей кезекшілікке тартылады. 10 автопатруль, алты «Модуль» бекеті, жаяу жасақтар – патрульдік полицейлер үш ауысымды режімде қызмет атқаруда. Дәл осы полиция бөлінісінің офицерлері алғашқылардың қатарында шақыртуларға барып, жылдамдық асыруға құмар, масаң күйдегі жүргізушілерді ұстайды және төбелес пен жанжалдарға шығады.

Петропавл қ. патрульдік полиция батальоны командирінің орынбасары, полиция подполковнигі Болат Жұмағазин ашылған қылмыстардың басым бөлігін ұрлықтар құрайтынын атап өтті. Саяжайлардан, көліктен ұрлау, бұзақылық фактілері бойынша қылмыскерлерді патрульдік полицейлер «ізін суытпай» ұстайды. Алдын алу – жұмыстың бөлек бағыты. Жол қауіпсіздігі желісі бойынша бұзушылықтар көп жағдайда жаяу жүргіншілермен жасалады, сондай-ақ жүргізушілердің қауіпсіздік белдігін тақпауы және рөл үстінде телефонмен сөйлесу сияқты бұзушылықтар да жиі орын алып жатады. Сондай-ақ қоғамдық тәртіп бұзушылықтары арасында масаң күйде жүрген, абаттандыру ережелерін бұзған және ұсақ бұзақылық жасағандарға қатысты хаттамалар жиі толтырылады.

Демалыс және мереке күндері патрульдік полицейлер учаскелік полиция инспекторларымен және полиция кешенді күштерінің басқа да жасақтарымен бірге қызметті күшейтілген режімде өткереді. Сақшылардың кәсібилігі арқасында қала тұрғындары мен қонақтарының тыныштығы, қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

СҚО Полиция департаменті Штабының ақпаратына сәйкес мереке күндері (7-9 наурыз күндері) Петропавл қ. ПБ Жедел басқару орталығының «102» арнасына 1369 хабарлама келіп түскен. Оның ішінде 34 қылмыстық, 95 әкімшілік құқық бұзушылық, 166 түрлі оқиғалар бойынша, сондай-ақ анықтама сипатындағы 1000 қоңырау келіп түсті. Қалалық Жедел басқару орталығының бейне бақылау камераларының көмегімен қылмыстың ашылуына ықпал ететін төрт факті анықталып, 129 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді.

Мешіттегі ұрлық

Іле ауданының Полиция басқармасына «Жәпек батыр» ауылының тұрғыны хабарласып, Чапаево елді мекеніндегі мешітте қалтасынан ірі көлемдегі қаржының қолды болғанын жеткізген.

Серік ҮПИЕВ,
Алматы облысы

– Жедел-іздестіру шаралары барысында осы қылмысқа қатысы бар күдікті анықталды. Ол 35 жастағы жергілікті тұрғын болып шықты. Қылмысын мойындаған күдіктінің айтуынша, ол таксиде келе жатқан. Мешіттің қасына келгенде, көлік бұзылып қалады. Жүргізушіге көлігін жөндеуге көмектескен ол сол маңдағы мешітке қол жуу үшін кіргін жөндеуге көмектескен ол сол маңдағы мешітке қол жуу үшін кірген. Сол жерде ілініп тұрған сырт киімді көріп, қалтасын тексерген. Киімнің қалтасындағы 40 000 теңгені алып, жартысын әйеліне берген, қалғанын өз керегіне жұмсаған, – деп толықтырды Іле ауданы Полиция басқармасының анықтаушысы, полиция капитаны Мақсат Нұрсейітов.

Тәртіп сақшылары күдіктінің бұған дейін де өзгенің мүлкін ұрлағаны үшін бірнеше мәрте қылмыстық жауапкершілікке тартылғанын анықтады.

– Қылмысты ашуға оқиға орнында түсірілген бейнежазбалар көмектеседі. Сондықтан, жеке қауіпсіздік үшін азаматтарға қоғамдық орындарда, сондай-ақ жеке үйлерде бейнебақылау камераларын орнатуға кеңес береміз. Сонымен қатар, жеке заттарыңызға мұқият болуға және оларды қараусыз қалдырмауға шақырамыз, – деп атап өтті Мақсат Нұрсейітов.

Қазіргі уақытта ұсталған азамат қамаққа алынды. Аталған дерек бойынша қолданыстағы Қылмыстық кодекстің 188-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Қылмыспен күнелткен

Ағымдағы жылдың 2 ақпаны күні Қарағанды қаласының ПБ Оңтүстік-шығыс полиция бөлімінің кезекші бөліміне дүкендердің бірінің алдында ұлын белгісіз біреулердің ұрып, ұялы телефонын күш қолдану арқылы тартып алып кеткені туралы азаматша арызбен жүгінеді.

Индира ЕРДАНҚЫЗЫ,
Қарағанды

Тонаушыларды ұстау үшін жедел іздестіру тобы құрылып, күдіктілерді анықтау жұмыстары жүргізіле бастайды. Көп ұзамай криминалдық полиция бөлімшелерінің жедел уәкілдері 23 және 24 жастағы екі азаматты анықтайды. Ұсталғандар кінәларын мойындап, бүгінде тергеу изоляторында. Күдіктілерге қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 191-бабы 2-бөлігі 1,3-тармағы, яғни жәбірленушінің өміріне немесе денсаулығына қауіпті емес күш қолданып, не осындай күш қолдану қатерін төндіріп, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен тонау, яғни бөтеннің мүлкін ашық жымқыру фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу әрекеттері жүргізілуде.

Анықталғандай, осы іс бойынша күдіктілер Теміртау қаласында осыған ұқсас қылмыстарды жасағандары үшін іздеуде екен. Сондай-ақ, 23 және 24 жастағы азаматтар бұрын да тонау қылмыстарын жасап, бас бостандығынан айыру орындарында мерзімдерін өтеп шыққан.

Алаяқтың ақыры

Ақтөбелік полицейлер алты кәсіпкерден ірі сомадағы ақшаны алаяқтықпен жымқырды деген күдікпен 33 жасар ақтөбелік азаматшаны ұстады.

Ерболат САРҚҰЛОВ,
Ақтөбе облысы

1987 жылы туған азаматша бір жыл көлемінде алаяқтық әрекетер жасаған. Алаяқ жеке кәсіпкерлердің сеніміне кіріп, алдау жолымен олардан ірі сомада ақша алып, тендер алуға көмектесуге уәде берген.

2019 жылдың желтоқсанында күдікті кәсіпкердің сеніміне кіріп, алдау жолымен 8 млн теңге алған.

Олар тағы да екі кәсіпкерді алдау жолымен сегіз және 7,8 млн теңге көлемінде ақша жымқырған.

2020 жылдың қаңтар айында кезекті құрбаны Ақтөбе қаласының 37 жастағы кәсіпкеріне тендерде ұтуға көмектесем деген сылтаумен 32,2 млн теңге көлеміндегі ақша алған.

Барлық фактілер бойынша тергеу әрекеттері жүргізілуде. ҚР ҚК 190-бабы «Алаяқтық» бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Бес гаражды тонаған

Таяуда Шаған Полиция бөліміне «Коммминтерн» ауылындағы «Восход» гараж кооперативінің төрағасы мен гараж иелері, бірнеше гараждың темір есіктерінің бұзылып, гараждың есіксіз қалғанын, бірнеше жеке мүліктерінің ұрланғанын айтып, арыз жазған.

Гүламан ИСМАҒҰЛОВА,
Орал

Жеңіл көліктер дөңгелектері, велосипедтер, автомобильдің қосалқы бөлшектері, балалар арбасы, ащы-тәттілер жабылған банкілер, өзге де жеке мүліктердің қолды болғанын айтқан. Хабарламаны алған бойда №22 учаскелік полиция пунктінің инспекторы, полиция майоры Төлеғали Үсенов пен инспектордың көмекшісі, полиция лейтенанты Данияр Тапалов «Восход» гараж кооперативінің аймақтарын тексеріп шығады. Гараж төрағасын ілестіріп, «Қазақ ауыл» ықшам ауданындағы түрлі-түсті металдарды қабылдайтын орынға жетеді.

Бұл орыннан төраға гараж есіктерін танып қалып, гараж иелерін осы жерге шақырады. Келген бес гараж иесі нақ осылардың өз гараждарының есіктері екенін айтып, тәртіп сақшыларына алғыстарын жеткізген. Оның үстіне қылмыстың дереу ашылуына металл қабылдайтын аймақтағы бағана басына орнатылған бейнебақылау камерасының көмегі зор болыпты. Алып әрі салмағы зіл батпандай гараж есіктерін көтерген күдіктілердің есіктерді металл қабылдайтын орынға металл ретінде тапсырып, жерге тастап жатқан қимылдары камераға айнадай жазылып қалған. Полиция майоры Төлеғали Үсенов пен Шаған Пб криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілдері бірлесіп, күндіз-түні іздестіріп, үш жігітті құрықтады. Үшеуі де азиат нәсілді, Орал қаласының, Зашаған ауданының жергілікті тұрғындары екен. Бұған дейін заң алдында жауапталып, сотталмаған. 1983, 1993 және 1997 жылғы үш күдікті ұрлыққа бет бұрып, бір апта бойы ұрлық жасағандарын, гараж есіктерін темірмен қайырып, топсасымен бірге жұлып алғандарын, гараж ішіндегі жеке мүліктерді ұрлағандарын толықтай мойындады. Гараж иелерінің біріне 109 мың, біріне 200 мың теңге көлемінде материалдық шығындар келтірілген. Дәл қазір Шаған Пб-інде Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі 188-бабының 3-тармағына сай ұрлық фактісі деп танылып, тергеу амалдары жүргізілуде.

Тергеу әрекеттері барысында келтірілген шығын толықтай есептеледі. Нақтырақ айтсақ, 25 ақпанда Чапаев дивизиясы көшесіндегі бір гараждың есігін топсасынан ағытып, аккумулятор, газ баллон, «Стелс» маркалы қызыл түсті велосипед, металл канистр, «УАЗ», «ЗИЛ», «Жигули» сияқты көліктердің қосалқы бөлшектерін, «Бирюса» маркалы тоңазытқыш, құрылыс материалдарын ұрлаған. 1947 жылғы В. есімді зейнеткерге, гараж иесіне 134 мың теңге шығын келді. Ұрлық жасауға еттері үйренген үш жігіт 2 наурызда, сағат 12.00-де дәл осы кооперативтегі келесі гараждың қабырғаларын оңай сындырып, төрт дөңгелек, ағаш кесетін ара, т.б. ұрлаған. 1946 жылғы зейнеткер А. есімді азаматшаға 79 мың теңгеден астам шығын келді. Шағандық тәртіп сақшылары күдіктілерден тәркілеген бұлтартпас айғақ заттарды өз иелеріне біртіндеп қайтарып беруде. Қайсыбір жеке мүліктер бөлімде тұр. Үшеуінің қолынан ешқайда кетпейтіні туралы қолхат алынды, материалдар жинақталып, сотқа жолданады.

Осылайша, Шаған Пб Жергілікті полиция қызметі бөлімінің учаскелік полиция инспекторы, Төлеғали Үсеновтің кәсіби шеберлігі мен қырағылығының арқасында бес эпизодты ұрлық ашылды. Құрықталғандар алдағы күндері сот алдында жауап береді.

Гараж иелерінің полиция майоры Төлеғали Сәрсенғалиұлына, Шаған Полиция бөлімі басшыларына, КПб жедел уәкілдеріне алғысы шексіз.

«Қарттарым, аман-сау жүрші!..»

Таяуда Нұр-Сұлтан қаласы МКҚБ мәжіліс залында өз Отанына шексіз берілген, патриоттық рухы жоғары, қайсар жауынгер ағалар ерлігін үлгі ету, жастарға өнеге ретінде еңбектерін дәріптеу мақсатында және милиция ардагерлері – Манап Уахитұлы және Бегайдар Әбдіқадырұлының мерейтойлары қарсаңында «Ер есімі – ел есінде» атты іс-шара өтті.

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ,
Нұр-Сұлтан

Аталмыш шараға ІІО ардагерлері, ҚР ІІО-ы мен Ұлттық ұлан ардагерлері қазақстандық кеңесінің төрағасы, милиция генерал-майоры Өмірзақ Болсамбеков, Қазақстанның халықаралық полиция қауымдастығының президенті Марат Нұрғалиев, Нұр-Сұлтан қаласы Полиция департаменті Ардагерлер кеңесінің төрағасы, полиция полковнигі Қаршыға Кішкентаев, Күзет Полициясы ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұхтар Кайсин, ІІМ-нің (Нұр-Сұлтан қаласы) МКҚБ бастығы, полиция полковнигі Дархан Молдаханов және басқарма аппаратының жеке құрамы қатысты.

Полиция қызметкерлері – заңдылықты қадағалап, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз етіп, қиын әрі игі қызмет атқарады. Полиция қызметінің ерен еңбектерінің арқасында мемлекетіміздің әр азаматының заңды құқықтары мен бостандықтары және қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Осы тұста бұл саланың биік шыңынан көрініп, қаншама жылдар бойы қырағы қызмет атқарып, өмірінің жарты жылын осы салаға арнаған үздік қызметкерлердің туған күндерімен арнайы құттықтауға жол бастап келген Ө.Болсамбеков:

– Ішкі істер министрлігінің атынан, Қазақстан ІІО мен ҚР ІІО-ы мен Ұлттық ұлан ардагерлері қазақстандық кеңесінің атынан Манап, сенің мынау сексеннің сеңгіріне шыққан күнің құтты болсын деген тілек айтамыз! Біріншіден, еліміз аман болсын, денің сау болсын, отбасың аман болсын, Алла берген балаларың, немерелерің, шөберелерің аман болсын! Бұл жасқа жеткен де бар, жетпеген де бар. Сексенге секіріп шықтың, енді тоқсанға тоқтамай, жүзге жете бер!

Манаптың өмір жолына келсек, әскери борышын атқарғаннан кейін 1962 жылы біздің ішкі істер саласына келіп, қатардағы милиционерден бастап Күзет бас басқармасы бастығының орынбасарлығына дейін қызмет атқарды. Одан қалды, қатардағы милиционерден полковник шеніне дейін өсті. Айта келгенде, Манап – елінің елеулісі, халқының қалаулысы. Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері, құрметті ардагері, үлкен дәрежелі кәсіби маман.

«Орамал тон болмайды, жол болады» дегендей, Ішкі істер министрінің тапсырмасы бойынша марапат-сыйлықтарымыз бар. Енді соған көшейік. Біріншіден, ерен еңбегін, екіншіден, жастарымызды тәрбиелеуге сіңірген қызметін, сексенге шыққан биігін ескеріп, министр біздің ұсынысымыз бойынша Алғыс хатпен марапаттады. Сонымен бірге Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Марат Қожаевтың құттықтау хатын табыстаймын! – дей келе өз атынан мерейтой иесінің иығына шапан жапты.

Сондай-ақ Марат Қабдылхамитұлы, Қаршыға Балданұлы, Мұхтар Пішенбайұлы, Дархан Маханұлы ақ тілектерін арнады.

Одан кейінгі құттықтау сөз Нұр-Сұлтан қаласының МКҚБ бастығы, полиция полковнигі Б. Бабаевқа берілді. Батырбек Бахритденұлы өз кезегінде:

– Құрметті Бегайдар Әбдіқадырұлы! Сізді Нұр-Сұлтан қаласының

Мамандандырылған күзет қызметі басқармасы басшылығы мен ұжымының атынан туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз еліңізге абыроймен қызмет атқарған, халқымыздың аяулы азаматтарының бірісіз. Осы өмір жолында адал еңбегіңізбен үлкен жетістіктерге жеттіңіз. Қандай қызметте болмасын, өзіндік ерекше келбетпен дараландыңыз. Қарапайымдылығыңыз бен еңбекқорлығыңыздың арқасында тәлімді тәрбиеңізбен жастарға өнеге болып, адалдық, адамгершілікті үлгі етіп келесіз. Отбасыңыздың ұйтқысысыз. «Еңбек түбі – зейнет» деп білетін сіз балаларыңызды аман өсіріп, еңбекке баулыдыңыз, бүгінде Ішкі істер органдарының құрметті ардагері атанып, ұрпағыңызға да осындай ғибратты жол көрсетіп келесіз. Тәуелсіз еліміздің игілігі жолындағы жауапты қызметіңізде аянбай еңбек етіп жүргеніңізді жас мамандарға жол көрсетіп, ішкі істер органдарында талай игі шараларды өткізуде ұйымдастырудан көреміз.

Құрметті Бегайдар аға! 65 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтай отырып, сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, мол бақыт, Отанымыз Қазақстанның гүлденуі мен нығаюы жолындағы қызметіңізге үлкен табыс тілейміз! – деп құттықтап, ардагерге сыйсияпат жасады.

Сонымен қатар ІІО-ның ардагерлері Серік Сақтағанов, Александр Тур, Орал Капышев, Манат Бектұрғанов, Владимир Вайсерман, Нұрлан Нияров, Орал Жұматовтар да жылы лебіздерін білдірді.

Шара соңы әсем ән мен сырлы күйге ұласып, қонақтар ризашылықпен тарқасты.

Суретті түсірген
Медет ӘШІРБЕКОВ

«Он арманның» жалғасы болған жақсы ағам

«... Жөргегі кеппей, жел тарамай тұлымын,
Жер болып кетті он арман – он құлыным...» –
деп бастап сөзді отырушы еді анашым,
Қилы кезді еске ап, қинала сипап бұрымын.

Он арманның жүрілмей кетті жолы да,
Тәй-тәй баспай, ілікті ажал торына.
Анары иіп, аңырап анам қалыпты,
Сап-сары жолақ жаялықты ұстап қолына.

Осылай күндер бейнетін басқа салған көп,
«Күл шашарсыз» жүргенде дүние жалған боп.
Мен туыппын, іңгәлап мынау өмірге,
Әкем мен шешем асыға күткен арман боп.

Қыран да болмай, туғызар дауыл екпіні,
Жүрген бір жанмын, елеусіз өткен көп күні.
Қиналам кейде, жонымнан таспа тілетін,
Солардың неге қалмаған екен деп бірі.

Он перзентін жер қойнына берген ата-анасының үмітін жандырып, он баласының орнын Жаратқан өтеп бергендей болып, өмірге келген Өтепберген Ақыпбековтің өлеңі ғой бұл.

Нұрай МАТАЙ,
Алматы

Ұлдан жалғыз болғанмен, атадан жалғыз емес еді. Жалғыз бауырлары үшін жанын пида етуге бар Мариям мен Төлеуғайша апалары болды. Мариям апайы бақилық болғанда, аға қатты қайғырып жүрді. Есіне түсіп кетсе көзі мөлтілдеп, терең бір күрсінетін. Оған қарап бәріміз де күрсінуші едік.

Өтепберген аға біздің «Сақшы» газетіне де атсалысып тұратын. Соның біреуіне ғана тоқталсам.

Ілияс Жансүгіровтің 100 жылдығына арналған бетке «Ерлікті елдік деп ұққан...» деген мақала жазып берді. Онда да бір кездескенде: «Сен білесің бе, Ілияс жырларының сендердің ішкі істер қызметкерлерінің де жүрегіне жақын, жанына жылы тиетін тұстары бар. Олай дейтінім, ел тыныштығын күзетіп жүрген сақшыларға ерлік пен азаматтық тән болса, оны Жансүгіровтің жырларынан да табасың», – деген еді. Соны пайдаланып мен де: «Аға, сол жайлы өзіңіз жазып беріңізші», – деп қиыла кеттім. Менің көңілімді қалдырмай, ертеңіне-ақ осы мақаланы жазып әкелді. Ілияс ақынның 1920 жылдары қалаға жаңадан келіп, халықтық қозғалысқа енді-енді араласа бастаған тұсында туған өлеңдерінде азаматтық үн басым еді. Өтепберген ағаның сол мақаласынан үзінді келтірсек, көп нәрсені көкейге тоқимыз.

Бүгінде полиция қызметкерлерінің қызметтік тапаншаның құрылысынан арнайы сынақ тапсыратынын жақсы білеміз. Өйткені қызметтік қарудың бөлшектерін бес саусақтай білу қажет. Соны жақсы аңғарған Өте-аға мақаласында «Тапаншаны» келтіріпті. «Ақынның 1922 жылы жазылған «Тапанша» деген әке мен бала арасындағы сұқбатқа құрылған әдемі өлеңі бар. Сапардан оралған баласын көріп қуанған әкесінің ақжарма көңілі «мықынындағы мықшиғанға» түседі де, «Мынауың не, беліндегі?» деп сауал тастайды. Сонда баласы:

Әке-ау, қайттым қаладан,
Асынғаным тапанша, – деп бастай жөнеледі. Ақынның тапаншаның әр бөлшегін, атқарар қызмет, міндетін өте дәлдікпен суреттеуіне қайран қаласыз.

Оқ жатары алтын ұя,
Тапанша – мылтық тапалша.
Сүмбесі мынау сойылша,
Басары мынау бақанша.
Құндағы мынау құс мойын,
Оғы мынау бақалшақ.
Қарауылы мынасы,
Мынасы кейін қақайса,
Бас бармақты баса ұстап,
Сұқ саусақты тақаса,
Тартып қалса тарс етед,
Өлтіреді оталса.
Милиция болдым мен – дағы,
Жарқынбай мен Жақанша...

Әке мен бала сұқбатында небір өнеге үлгісінің, сақшылық антқа адалдықтың астары бар. Мәселен, баласы:

... Ауылда болған шатақтың,
Ақ, арамын ақтарам.
Ұры ұстап, тентек тиямын,
Үкіметке жақпаған».

Иә... Өтепберген ағаның білімі терең, біліктілігі мол еді ғой. Әйтпесе, қысқа ғана сұхбат арасында Ілиястың осындай өлеңі барын, оның біздің сақшылар туралы екені ойға оралмапты. Ағаның осы мақаласы газеттің сонау 1994 жылғы сандарының бірінің ажарын ашқан мақала болып еді.

Мен жуырда «Өтепберген Ақыпбеков тірі болғанда, биыл жетпіске толар еді» деген сөзді естігенде, өзімнің журналистикадағы бүкіл өмірім көз алдыма келді. «Егер сіз болмағанда...» деген ойдың жетегімен санам мен үшін сергелдеңі көп сонау сексенінші жылдарды шарлап кетті. Орта мектепті бітіріп, аудандық газеттің ауылшаруашылығы бөліміне әдеби қызметкер болып орналасқанмын. Шаруашылыққа әу баста қыры жоқ қыздың қолынан білдей бір газеттің ауылшаруашылық бөлімінің жұмысын шырқ үйіруге шамасы қайдан келсін? Алғаш келгенде сол бөлімнің бастығы болған Кенжехан ағаның басын «100 қойдан қалай 150 қозы туады?» деген «қисынсыз» сұрақтармен қатыратынымды да еске алдым. Арада біраз уақыт өткенде «шаруаға қыры жоқ қыздың» жазуына көңілі толмаған сол кездегі редактор мені декреттік демалыстан соң қайта жұмысқа қабылдамай қойды. Содан «керемет журналист боламын» деген арманымның күлі көкке ұшып, балабақшаға тәрбиеші болып орналастым.

Бір күні бақшадағы балаларымды серуендетіп, далада отыр едім, балабақшаның шарбағын бойлай Өтепберген аға өтіп барады екен. Мен жақын туысымды көргендей жүгіре басып барып, жылы амандастым. «Өй, сен қыз неғып бала бағып жүрсің?» деді. Мен редактордың қайтадан жұмысқа қабылдамай қойғанын айтып едім, «ертең редакцияға кел, қазір редактордың орнында менмін, ол кісі еңбек демалысында, сенің орның балабақша емес, сенің орның – газет» дегенде Алатау асып кеткен арманым қайта оралғандай қуандым. Сөйтіп мені Өтепберген ағам жетектегендей болып журналистикаға қайта әкелді де, аптасына үш рет шығатын аудандық «Қапал еңбеккері» газетінің қара қазанына тастап жіберді. Кешегі қызық-қызық сұрақтар қоятын мен осы қара қазанда қайнап-қайнап, ауыл шаруашылығының майын ішпесем де, майын тамыза жазатын журналист атандым. Кейіннен газетке Секен Иманасов редактор болып келгенде де жұлдызым оңынан туды. Қыс болса сақпан аралап, жаз болса жайлау асып, күзде егіс даласынан шықпайтын мені Секен аға ауыл шаруашылығы бөліміне бастық етіп тағайындады. Менің аудандық газеттен бастап бірқатар республикалық басылымдарда қызмет атқарғаным, Қазақстан полициясының дамуына өзіндік үлесімді қосқан ардагер журналист атанғаным осындай ағаларымның арқасы деп білемін. Егер сол жолы Өтағаң жанашырлық танытпаса, менің журналистикаға қайта оралмауым да мүмкін еді.

Өтепберген аға мен Жұмаш тәте қатар отырса, бүтіндей бір ансамбльге татитын өнер иелері. Айтыс ақыны, әнші, журналист Жұмаш тәтеден де үйренгенім аз емес. Олар Қапалдан Алматыға көшіп келген соң Қапал деген көшеде тұрды. Ауданға бір келгенде «Енді Алматыға сессияға келгенде, біздің үйде тұратын боласың» деп қуантып, адресін түсіндіргенде «Қапалдан келіп, өзіме Қапал деген көше ашып алдым» деген. Менің де біраз аңқаулығым бар еді, расымен де солай екен деп, таныстарыма «Өтепберген аға мен Жұмаш тәте Алматыға барған соң өздері көшіп барған көшеге Қапал көшесі деп ат қойып алыпты» деп жүрдім. Соны естіген ағам «Осы сен қыз түк қалжың түсінбейсің» деп ұрсып алды да, Алматыдағы Қапал көшесінің тарихымен таныстырды. Сөйтсем, 19-ғасырдың ортасында Ресей қазақ жерін отарлау мақсатында салынған Қапал бекінісінің атына Алматыда да көше берілген екен ғой.

Өтепберген аға өте еңбекқор еді. Сол кездегі жазушы-журналистер сияқты, қанша жерден «сал-серілерше серуендеп» жүрсе де, жұмысына қатал болатын. Бүгін жазатын жұмысын ертеңге қалдырмайтын. Ол газет-журналдың уақытты жейтін жұмысымен алысып жүріп, артына қаншама құнды шығармалар қалдырды. Өлең туралы әңгімелесе қалсақ, «Балаларға арнап өлең жазудан қиын жұмыс жоқ. Өлең баланың тіліне жеңіл, санасына оңай сіңетін, жүрегіне қасиет болып тұнатын болуы керек» дейтін. Ал оның өлеңдерін оқып отырсаңыз, кішкентай оқырмандарының тіліне жеңіл, тез жатталатын өлеңдерімен балалардың санасына тарихты, салт-дәстүрді сіңіре білетін шеберлігінде шек жоқ десем, артық айтқандық емес.

Мен Өтепберген аға мен Жұмаш тәтенің отбасы Астанаға көшіп кеткен соң, көп жыл хабарсыз қалдым.



Қазір қарап отырсам, Өтепберген аға қазақтың жаңа астанасы – Астананың әр көрінісін, Сарыарқаның әр күнгі самалы мен боранын да, есіліп жатқан Есілдің жылдың төрт мезгіліндегі мінезін де көңіл терезесінен таса етпепті. Оған ағаның өлеңдері куә.

Мұз көрпені –
қыс түсе,
Бүркенді де үстіне:
Қалғып кетті қарт Есіл,
Сезбейді ол түкті де...
Жүрсе де жұрт дуылдап,
Елемейді бір уақ.
Ұйықтап жатыр қарт Есіл,
Кеудесі сәл сырылдап... – деп қысқы Есілмен сырласыпты.

Күндіз еріп қар қатқан,
Су жиналар жан-жақтан.
Құм себілген тастақ жол,
Шарайнадай шаң басқан.
Күн нұрына балбырап,
Тер сорғалап,
қалжырап.
Шатырға өрлеп шыға алмай,
Сүңгі мұз тұр салбырап... – деп Астананың «Шарайнадай шаң басқан» көктайғақ көшесімен де жәй әншейін тайғанақтап жүре бермей, жыр арнапты қайран ағам.

Астанаға көшіп барған жұрттың көбі арқаның қысқы боранына күйініп жүргенде, менің ағам қазақтың жаңа астанасының қарлы боранын жырлап, «жауған қарды жынды көбелектей шыр айналдырған» ақтүтек боранына сүйініпті. Өзіңіз осылай сүйген ақшұнақ аязды Астанадан асығыс аттанып, жап-жасыл Алматының топырағын ерте жамылдыңыз-ау, жақсы аға! Сіз сияқты ақжүрек, ешкімнен қамқорлығын аямайтын адамның жаны жәннәтта екеніне сенем мен. Рухыңыз пейіштің төрінде шалқысын!

№20 (4570), сейсенбі, 17.03.2020 e-mail: sakshy@mediaovd.kz SAQSHY

Зейнеткер алғыс білдірді

Тұрғындармен орнатылған кері байланыс бүгінгі таңдағы заманауи ресурстар арқылы кең қолдау табуда. Адамдардың полиция жұмысына қатысты ұсыныстары мен пікірлерін еркін әрі жылдам айтуына мүмкіндік туды.

Нұрбек БАЕКИН,
СҚО

Жыл басынан бері Солтүстік Қазақстан облысының полицейлері азаматтардың мыңнан астам арызы мен өтінішін қарады. Олардың басым бөлігі цифрлық технологиялардың көмегімен жолданды. Бірқатар хаттардың полиция бөліністерінің басшылығына пошта арқылы да келгенін айта кету қажет.

Зейнеткер әжей мүлкін қайтаруға көмектескен тергеу бөліністері қызметкерлерінің жұмысы үшін СҚО Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаевқа алғысын айтты. Ол 2017 жылы танысына сеніп, баспанасыз қалған. Соның салдарынан екі жылдан астам уақыт бойы жалдамалы пәтерлерде тұрып келген. Басқа танысы оның осы жағдайын пайдаланып, құны 500 мың теңгеден асатын тоңазытқышын иемденіп алған. Өткен жылдың соңында жәбірленуші әйел мен оның ұлы уәкілетті органдар арқылы меншік құқығын дәлелдеп, өз баспаналарына оралды. Олар тұрмыстық техниканы қайтару үшін тағы бір мәрте полиция қызметкерлерінің көмегіне жүгінді.

– Полиция полковнигі Еңбек Сембинге, полиция капитаны Гүлмира Сағитоваға, полиция лейтенанты Атажан Санжарға тоңазытқышқа қатысты істі тергеуде және оны қайтаруға көмектескені үшін алғысымды айтамын, – дейді 67 жастағы зейнеткер.

Полиция ведомствосының бастығына жүгінген петропавлдық басқа зейнеткер №1 зоналдық полиция пунктінің учаскелік полиция инспекторларының жұмысына риза болғаны туралы жазыпты. Инспекторлар отбасылық даудың басын шешіп, татулық орнатуға көмектескен.

– Учаскелік инспектор Азат Кенжеболатов 10 күн бойы біздің мәселенің басы-қасында болды. Ол түрлі құжаттарды, анықтамаларды жинап, әңгімелесулер жүргізді. Бастан-аяқ олардың жұмысын бақыладым. Өз көзіммен көргенше олардың жұмысының осыншама қиын екенін білмеппін. Оларға әр түрлі мәселелермен көп адам жүгінеді. Полиция қызметкерлері біріне кеңес берсе, енді біріне дұрыс жол көрсетеді. Азаттың жасы менен әлдеқайда кіші болса да, оның айтқанына құлақ түріп, татуласуға ниет білдірдім, – деп жазған петропавлдық өз хатында.

Зейнеткер аға учаскелік инспектор Дулат Жәнібековті ерекше атап өтіп, зоналдық полиция пунктінің барлық учаскелік инспекторларына алғысын білдірді.

– Алғысқа толы осындай сөздер сақшылардың ынтасын арттырып, жұмысқа деген жауапкершілігін күшейте түсетіні даусыз. Алтын уақыттарын бөліп, полиция қызметкерлерінің күнделікті жұмысы үшін алғыс айтатын адамдарға біз де ризамыз, – дейді СҚО ПД Кадр саясаты басқармасының бастығы, полиция полковнигі Наталья Калинина.

«Жыр алыбы – Жамбыл»

Жуырда Алматы қаласы бойынша қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 түзеу мекемесінде «Жыр алыбы – Жамбыл» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Дәулет ЕРҒАЛИЕВ,
Алматы

Кеште жазалы балалар ғасыр ақыны Жамбылдың өлеңдерін оқып, өмірі мен шығармашылығынан түрлі қойылымдар көрсетті. Аталған шараға Алматы қаласы Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері де атсалысып, жазалы балалардың өнерін ұштады.

Әдеби-сазды кештің мақсаты – ұлы ақынның өлеңдерін насихаттап, сотталғандарды ұлттық құндылыққа баулу, адамгершілікке, ұлтжандылық пен кішпейілдікке тәрбиелеу. Осы мақсатта жазасын өтеуші жасөспірім сотталғандар – Жамбылдың «Халық – менің шын атым», «Қайта келген жастық шақ», «Алғадай», «Ленинградтық өренім», «Балаларға» сияқты өлеңдерін екі тілде жатқа оқып, Жамбыл мен Айкүміс айтысынан көрініс қойды. Сондай-ақ, сотталған балалар мен Жамбыл атындағы кітапхана қызметкерлері арасында өзара айтыс ұйымдастырылды.

Концерттік бағдарламаның соңында Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері «Жыр алыбы – Жамбыл» атты кітап көрмесін өткізді.

Суреттер автордікі

Үздік тергеуші Сырымбек

Бүгінгі сұхбатымыз маңызды қызметтің жүгін абыроймен арқалап жүрген тергеушіге арналмақ. Бұл мамандықтың иелері қылмыскерлерді аса сақтықпен құрықтап қана қоймай, бұлтартпайтын айғақтар арқылы оның ақ пен қарасын айырып, ҚР заңына сүйене отырып, тергеу амалдарын жүргізеді.



Тергеуші мамандығы қашан да шынайылық пен төзімділікті, сауаттылықты талап еткен. Адам тағдырына деген жауапкершілік үшін ақиқаттың ақ жолынан ауытқымау кез келген адамның қолынан келе бермейді де. Тергеу қызметінің ең ауыр жүгі – ар алдындағы адалдық. Осындай ауыр жұмыстың жүгін арқалаған тергеушінің әр күні ғана емес, әр сағатының өзі қым-қуыт оқиғамен өріліп жатады. Ал, полиция қызметінде тергеушілік ісіне ғұмырын арнаған жеке адамдардан бөлек, тұтастай бір әулеттер де аз емес. Бүгінгі таңдағы осындай жігерлі мамандарымыздың бірі – БҚО Полиция департаменті Тергеу басқармасының аға тергеушісі, полиция капитаны Сырымбек Жұмалиев. Жас маман тергеу саласында бірнеше қылмыстық істі тергеген, білікті маман иесі. 2019 жылдың қорытындысы бойынша ҚР ІІМ тарапынан көтермелеуге ұсынылып, БҚО ПД басшылығы тарапынан алғыс хатпен марапатталған болатын.

– Тергеуші мамандығын таңдауға кімнің ықпалы тиді?

– Мен мектепті бітірген соң, көп ойланбастан осы мамандықты таңдадым. Оның маңыздылығы мен халыққа жақындығы мені қызықтырды. 2012 жылы Алматы қаласындағы ҚР ІІМ академиясына оқуға түсіп, тергеу саласы бойынша оқып білім алдым. Алғашқы еңбек жолымды Орал қ. Полиция басқармасында тергеу бөлімінде тергеуші қызметінен бастадым. Қазіргі таңда БҚО Полиция басқармасында Тергеу басқармасының аға тергеушісі қызметіндемін. Осы салада сегіз жылдай қызмет атқарып келемін.

Тергеу ісінің ыстығына күйіп, суығына тоңған майталман әріптестерімнен тәжірибе жинақтадым. Алдыңнан түрлі санаттағы қылмыстық істердегі күдікті қылмыскермен тілдескенде бірінші кезекте қаталдық пен әділдікті және талапшылдықты сезінесің. Көпшілігі өздері істеген қылмыстарын мойнына алмайды. Жасаған қылмысты мойындату үшін нақты айғақтар мен дәлелдер тауып, Қылмыстық іс жүргізу кодексінің талаптарымен тергеп, әрбір істі терең әрі тиянақты зерттегенде ғана, істің соңғы нүктесі қойылады.

– Қызмет барысында қандай есте қаларлық жағдайлар болған еді?

– 2017 жылы қыркүйек айында Орал қаласында жалдамалы пәтердің бірінде үш адамды бірдей, оның ішінде екі әйел мен үш жасар кішкентай баланы асқан қатыгездікпен бірнеше рет пышақтап өлтірген күдіктіге қатысты қылмыстық істі тергеу жұмысы маған табысталған еді. Істі жан-жақты тергеу барысында күдіктінің кінәсі толығымен дәлелденіп, сотқа жолданды. Сот залында тергеу барысында айтылғанның бәрі әшкереленіп, өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы берілді. Тәжірибе барысында мұндай жазаның берілуі алғашқы рет болатын. Бұдан басқа да істерді тергеп жатырмыз ғой, бірақ есте қаларлығы осы болды.

– Өткен жылдың, яғни 2019 жылдың қорытындысы бойынша сіз қызметте жоғары нәтижеге қол жеткіздіңіз. Енді сол жетістігіңізбен бөліссеңіз. Қанша іс тергеуден өтті? Қанша іс сотқа жолданды?

– Ия, 2019 жылы 40-тың үстінде қылмыстық іс болды, соның ішінде сегізі аса ауыр, үшеуі орташа дәрежедегі және 30 ауыр қылмыс тергеліп, сотқа жолданды. 2019 жылы Қаратөбе ауданында 2015-2018 жылдар аралығында мал ұрлаумен айналысқан қылмыстық топқа қатысты тергеу амалдары жүргізіліп, іс сотқа жолданды. Тергеу барысында 28 жәбірленуші анықталды. Аталған фактіге сәйкес сот үкімі бойынша үш күдікті анықталып, оларға қатысты тиісті жазалар қолданылды.

– Тергеуші ретінде қандай талаптарды ұстанасыз?

– Әдетте, тергеуші өзінің қызметтік міндеттерін орындаған кезде үш арнадан бастау алады. Біріншісі – процессуалдық нормалар. Екінші – тактикасы, тергеуші қылмысты ізін суытпай тез арада ашып, кінәліні анықтау мақсатында өзінің тактикалық жүйесін, әдіс-тәсілін күні бұрын анықтап қоюы керек. Үшіншісі – әдептілік қағидалары. Тергеушілердің тегеуріні мықты болуы керек. Қылмыс атаулыны құрықтап, қылмыскерді іздеп тауып, олармен бетпе бет тілдесетін, бар кінәсін бұлтартпайтын айғақтармен мойындататын маманның бірі – тергеуші. Тергеуші мамандығы қызметте сауаттылық пен білімділікті, ой ұшқырлығы мен төзімділікті талап етеді.

Тергеушінің негізгі қағидаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң шеңберінен аспауы керек. Басқаша айтқанда, қылмыстық істі тергеудегі басты кейіпкер – тергеуші. Сондықтан біз, ең алдымен адамның жан дүниесін әбден біліп алуға міндеттіміз. Ал тергеушінің түпкі тұтқасы – оның әдептілігі мен кәсібилігі. Тергеуші өз жұмысында жағымсыз фактілермен жиі кездеседі, сондықтан да эмоцианалды тұрғыдан тұрақты, ұстамды, төзімді болуы тиіс. Тергеуші заңды жақсы меңгеріп, қылмыстық-процестік заңнаманы жақсы білуі керек және олардың талаптарын сақтауға міндетті.

– Әңгімеңізге рахмет, қызметіңізге сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан:
Асылай ҒҰБАШЕВА,
БҚО

Қолды болған қыруар қаражат

Жуырда Орал қ. ПБ криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілдері бір тұрғынға күш қолданып, қолындағы 44 миллион теңгесін тартып алған үш күдіктіні ұстады.

Гүламан ИСМАҒҰЛОВА,
Орал

Кешкі мезгілде кісі тонау фактісі былайша өрбіген. 28 ақпанда кешкі сағат 21.00 шамасында «102» пультіне бір кісі хабарласып, қолындағы 44 милиион теңгесін бейтаныстардың күштеп тартып алғанын, оқиға орынын хабарлаған. Оқиға орнына барған басқарманың жедел тергеу тобы расында да кісінің тоналып, өте көп мөлшердегі ақшаның қолды болғанын біледі. Жәбірленушінің айтуынша, ол қызметінен шығып, «Евразия» даңғылы бойындағы автокөлігіне барып, салон ішіне отыра бергенде, артынан келген үш бейтаныс тұлға оның бетіне газды баллон шашқан. Газға уланған жәбірленуші есінен танып, қайта есін жиған шақта қолындағы көп ақшасынан айырылғанын біледі.

Осы сәтте жедел тергеу тобы құрылып, «Тосқауыл» операциясы іске қосылған. Жедел уәкілдер мен барлық патрульдік жасақ күші жұмылдырылып, бейтаныс үш жігіттің соңына түседі. Тынымсыз іздестіру іс-шаралары барысында 5 наурызда кісі тонағандар құрықталды. Жедел уәкілдердің қолына түскен 1994 жылғы екі жігіт, 1984 жылғы бір жігіт кісі тонағанын мойындады. Көп мөлшердегі ақша мен кейбір бұлтартпас айғақ заттар тәркіленді. Ақшаны қайда жаратулары мүмкін деген сұрақтарға құрықталғандар бір шетелдік, бір «Лада» автокөлігін, бірнеше құнды ұялы телефондар сатып алғанын, ақшаның кейбірін өз қажеттеріне қарай жұмсағанын айтқан. Осы факті бойынша бүгінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191-бабының 4-бөліміне сай қылмыстық іс қозғалып, тергеу амалдары жүргізілуде. Ұсталған үшеуінің өзге қылмыстарға қатысы бар-жоғы анықталуда. Бұл тонау фактісі алдын ала ұйымдастырылған болса керек және соңғы жылдардағы көп мөлшердегі ақшаның қолды болуы екен. Аталған қылмыс «Қауіпсіз аула» бағдарламасы бойынша орнатылған бейнебақылау камерасы және «Интеллектуальды қиылыс» бейнебақылау камерасы көмегімен ашылған. Сөйтіп, қылмысқа қатысы бар тұлғалардың анықталуына көмегі тиген.

Бейнебақылау камераларын зерделеген жедел уәкілдер ақшаны алып, қашып бара жатқан тұстарын, аулаларға тығылғанын, т.б. анықтады. Қазір Орал қаласының тұрғындары, үш күдікті РУ-170/1 түзеу мекемесінде отыр.

Су тасқынына дайындық

Қарағанды облысында су тасқынынан туындайтын қауіп-қатерді төмендету бойынша жұмыс жалғасуда.

Андрей МОИСЕЕВ,
Қарағанды облысы

Су тасқыны кезеңіне дайындық жұмыстары күшейтілген режимде жүргізілуде. Қазіргі уақытта елді мекендерден қар шығару, сондай-ақ облыс жолдарындағы су өткізу құрылыстарын тазалау негізгі міндет болып табылады. Облыс бойынша шығарылған қар көлемі 1,8 млн м3.

10 наурыздағы жағдай бойынша су өткізу құрылыстарының 40%-ы тазаланды. Бұл жұмысты 20 наурызға дейін аяқтау жоспарлануда.

Облыстың негізгі су қоймаларынан санитарлық су ағызу жұмыстары жүргізілуде. Су тасқыны кезеңі басталғанға дейін олардың көлемі ең төменгі деңгейге дейін жеткізіледі.

5 наурыздан Қарқаралы ауданындағы Жарлы өзенінің арнасында, сондай-ақ Қарасу көлінде темір жолдан су өту учаскелері аумағында мұз жару жұмыстары басталып кетті. Бұл жұмыстарды облыстың басқа аудандарында шамамен 20 учаскеде жүргізу жоспарланып отыр.

15 наурыздан бастап барлық деңгейдегі су тасқынына қарсы штабтардың жұмысын тәулік бойы ұйымдастыру жоспарлануда. Материалдық ресурстар қоры құрылды, қажетті материалдық-техникалық құралдар дайындалды (ЖЖМ, азық-түлік, инертті материал, қап, т.б.).

Су тасқыны кезеңіне дейін су тасқыны қаупі ықтимал елді мекендердің тұрғындарымен жан-жақты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Қалалар мен аудандар әкімдіктерінің қызметкерлері азаматтық қорғау органдарымен бірлесіп, су тасқыны құбылыстарына ұшыраған аумақтарда тұратын 14000 адамды қамти отырып, халықпен 150-ден астам жиын өткізді. Су тасқыны кезіндегі іс-әрекеттер бойынша халыққа 12700 жадынама таратылды.

Су тасқыны қаупі бар аймақтардағы хабарлау жүйесі тұрақты дайындықта болады. Қарағанды облысының 130 елді мекенінде хабарлау жүйесі орнатылған.

Су басуы мүмкін өңірлерде тұрғындарды эвакуациялауға арналған аудандарда 231 қабылдау бекеттері дайындалды, эвакуацияланатын халықты эвакуациялау маршруттары

жаңартылып отырады. Эвакуацияланған халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті құралдар дайындалды (шатырлар, төсек-орындар және тағы басқалары). Азық-түлік және ауыз су қоры құрылды, жеке кәсіпкерлермен тамақ өнімдерін жеткізуге ниет-шарттар жасалды және адамдар мен малдарды эвакуациялау орындарына тасымалдауға арналған техника бекітілді.

Су тасқыны жағдайы күнделікті бақылауда.

Мердігерлерге айыппұл салынды

Облыстық әкімшілік полиция бөліністерінің қызметкерлері көктем келісімен жол желісінің жағдайын бақылауды күшейтті. Жолдарды тексеру жұмыстары күн сайын жүргізіледі.

Нұрбек БАЕКИН,
СҚО

– Бүгінгі таңдағы басты міндетіміз – су тасқынына қарсы іс-шараларға дайындық ретінде жиналып қалған қарды шығару. Қардың уақтылы шығарылмауы көліктердің жүруіне арналған аумақтың тарылуына, терең іздердің қалыптасуына алып келеді. Бұл жол-көлік апатттарының болу қаупін арттырады, – дейді СҚО ПД бастығы, полиция полковнигі Марат Төлебаев.

Бұдан бөлек, елді мекендерден шығарылмаған қар тасқын су кезінде жағдайды тіптен ушықтырып жіберуі мүмкін. Су тасқынына қарсы іс-шаралар аясында Әкімшілік полиция басқармасына жол қызметтерімен бірлесіп жұмыс жүргізу тапсырылды. СҚО Полиция департаментінің бастығы аумақтық бөліністердің жеке құрамын жол қызметтерімен, жергілікті атқарушы билікпен, төтенше жағдай бөлімдерімен күш біріктіруге, сондай-ақ шағын көпірлерді, жолдарды, су өткізгіш құбырларды қар мен мұздан тазартуға бағыттады. Бұл бағыттағы жұмыстар басталып кетті. Су өткізуші құбырлар тазартылуда. Бүгінгі күнге дейін республикалық маңызы бар жолдарда орналасқан 582 құбырдың 77-сі тазартылды.

Екі айдың ішінде тәртіп сақшылары жолдарда 207 тексеру жүргізді. Олардың нәтижелері бойынша 209 кемшілік анықталды. Жергілікті атқарушы органдар мен жол ұйымдарына орындауды талап ететін 220 ұйғарым жолданды. Жолдардағы түрлі учаскелерді тиісті түрде тазаламағаны үшін лауазымды тұлғаларға қатысты 56 әкімшілік

хаттама толтырылды. Олардың бесеуі ұйғарымдарды орындамау бойынша. Петропавл аумағындағы тоғыз мердігер ұйымның басшылары мен орындаушылары жауапкершілікке тартылды. Жол және техникалық инспекциялардың аудандық бөліністердегі жұмысына тұрақты түрде талдау жүргізіліп тұрады. Ұйғарымдардың орындалуын бақылау бойынша жұмыстар да ұйымдастырылады.

Төтенше жағдайларда қорғау

Апталықтың мақсаты – білімді меңгеріп қана қоймай, біліктілік пен дағды арқылы дербес, ізденімпаз жасөспірімдерді жан-жақты жеке тұлға ретінде даярлау.

Бақтыбай СЫДЫҚОВ,
Қызылорда облысы

Текей батыр Қарпықұлы атындағы колледжде «Техникалық пәндер» апталығы аясында «Арнайы пән» оқытушысы Сәрсенбай Қошқаров «Төтенше жағдайларда қорғау» мамандығының «ТЖ-17-9» оқу тобына «Өртке қарсы қызметтердегі гарнизондық және қарауылдық қызмет» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Сабақ барысында гарнизондық қызметтің міндеті, қарауылдық қызметтің өткерілуі жайлы айтылып, «Өртке қарсы қызметтің жұмыс жарғысын бекіту туралы» түсіндірілді.

Сонымен қатар «Төтенше жағдайларда қорғау» мамандығының «Арнайы пән» оқытушысы Бақтыбай Сыдықов «ТЖ-17-9» оқу тобына «Жоғары қабатты ғимараттардағы өртті сөндіру» тақырыбында тәжірибелік сабақ өткізді. Сабақ барысында өрт сөндіру тәсілдері, жауынгерлік іс-қимылдар көрсетілді. Сабаққа колледж ауласында орналасқан оқу мұнарасы, «АЦ-2,5-40» негізгі өрт сөндіру автокөлігі, құтқару жіптері, өрт қолданбалы сатылары пайдаланылды.

Көліктегі өрт қауіпсіздігі

Көліктің кез келген түріндегі жану күтпеген жерден туындауы мүмкін және қайғылы салдарларға әкелуі де мүмкін.

Автомобильді техникалық тексеру барысында көлік құралының жағдайы тексеріледі, бірақ электр жабдықтарын тексеру жүзеге асырылмайды. Дегенмен, автокөліктегі өрттің негізгі себебі электр сымдарының, қозғалтқыштың электр агрегаттарының қысқа тұйықталуынан болады.

Мұндай жағдайдан сақтану үшін не істеу керек?:

1. Әрбір көлік құралы екі литрден кем емес көлемде жарамды өрт сөндіргішпен жабдықталуы тиіс. Бұл ретте өрт сөндіргіштің құрылымын білу және оны пайдалана алу қажет. Көлік құралында өрт сөндіргіштің болмауы жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіретін шарт болып саналады.

2. Қозғалтқышты және автомобильдің басқа да агрегаттарын ашық отпен, қолдан жасалған жылыту құралдарымен, соның ішінде ашық жылыту элементтерімен жылытуға тыйым салынады. Электр сақтағыштардың жарамдылығын, электр сымдарының бүтіндігін үнемі тексеру керек. Барлық сақтандырғыштар стандарттарға және номиналды токқа сәйкес болуы тиіс. Электр сымында жалаңаш орын болмауы керек, ал оның жалғанатын орны ұшқын пайда болу және қыздыру мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

3. Отын беру жүйесінің бүтіндігін тексеру (отынның немесе газдың жылыстауы бар ма?). Ағулар анықталған жағдайда шұғыл түрде оларды жою шараларын қабылдау керек.

4. Автокөлік құралына жөндеу жүргізу кезінде темекі шегуге және ашық отты (сіріңке, алау, тұтандырғыш) пайдалануға жол бермеу керек.

5. Шығару коллекторына тез тұтанатын элементтер (қағаз, сүрткіш шүберек, жанар-жағармай материалдары және т.б.) түспеуін қадағалау қажет.

Автокөліктерді газдандыру үшін қайта жабдықтауды тек мамандандырылған ТҚС-да жүргізу қажет. Бакта немесе цистернада отынның бар-жоғын ашық от (тұтанған сіріңке, тұтандырғыш және т.б.) көмегімен тексеруге болмайды.

Егер автомобиль қозғалыс кезінде жанған жағдайда:

– көлік құралын дереу тоқтату және қозғалтқышты сөндіру;

– өртке қарсы қызметті 101 немесе 112 нөмірі бойынша шақыру;

– клемманы аккумулятордан алып тастау (газдандырылған жағдайда – магистральдық және баллонды вентильдерді жабу);

– жолаушыларды эвакуациялауға шаралар қабылдау және алғашқы өрт сөндіру құралдарымен сөндіруге кірісу қажет.

Көші-қон алаңдатады

Бір жыл ішінде Қазақстанға 12 мың адам келсе, елден кеткендері 45 мыңды құраған. Жалпы алғанда, 2019 жылы еліміз 22 мыңнан аса еңбекке қабілетті адамнан қол үзіп қалды.

Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ, Нұр-Сұлтан

2019 жылғы қаңтар-желтоқсанда Қазақстанда 1,1 млн адам ел ішінде көшіп-қонған. Айта кетейік, бұл көрсеткіш 2018 жылдың қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 25,6 пайызға көп. 1 млн-нан сәл асатын қазақстандық әлбетте ауылдан – қалаға, ал қаладағылар Алматы, Нұр-Сұлтан секілді ірі қалаларға қарай жүгін жиыстырған. Демек, мемлекет түрлі бағдарламалар әзірлеп, ынталандыру тетіктерін енгізгенімен, қазақтарды ауылға тұрғыза ала алмай отыр.

Ал сыртқы көші-қонға келер болсақ, былтырғы жылғы қаңтар-желтоқсанда еліміздің аумағына қоныс аударғандардың саны 12,26 мың адамды құрады. Бұл алдыңғы жылғымен салыстырғанда 4,1 пайызға кем. Уақыт өткен сайын кез келген иммигрант үшін Қазақстан тартымды болудан қалып барады.

Ал сыртқа кеткендердің қатары бірден 45,2 мыңды құрапты. Пайызға шаққанда бір жыл ішінде 8%-ға өскен. Мамандардың алаңдайтын себебі де осы тұс. Себебі елден кеткендердің 30 пайызы – жоғары білімді азаматтар, ал елімізге көшіп келгендердің тек 20 пайызға жуығында ғана жоғары білім бар болып шықты.

Қазақстанға келген мигранттардың қатарында 1,7 мыңы балалар мен жеткіншектер болса, 9,5 мыңы еңбекке қабілетті жастағылар және тағы 1,1 мыңы зейнеткерлер. Тысқары кеткендердің ішіндегі 11,7 мыңы балалар мен жеткіншектер, 31,5 мыңы еңбек жасындағылар және 2,1 мыңы зейнеткерлер екен.

Елімізде тұрақтап қалуды мақсат еткендердің ұлттық құрамына келер болсақ, олардың басым көпшілігі – қазақтар, сонымен қатар 2,65 мың орыс пен 301 қарақалпақ қоныс аударған.

Керісінше жүгін жиыстырғандардың ішінде 32,8 мыңы орыс, 3,2 неміс және 3 мыңы украин ұлтының азаматтары екені белгілі болды.

Елімізге қоныс аударушылардың негізгі бөлігі Маңғыстау (2,5 мың адам) және Алматы (2,1 мың адам) облыстарын, сондай-ақ Алматы қаласына (1,4 мың адам) табан тіреуді құп көріпті.

Ал көшіп кеткендердің дені Шығыс Қазақстан (7,1 мың адам), Қарағанды (5,8 мың адам) және Қостанай (5,7 мың адам) облыстарының тұрғындары.

ТМД елдері арасында Қазақстанға басты үш елден: Өзбекстаннан – 4,16 мың адам, Ресей Федерациясынан – 3,4 мың адам және Түркіменстаннан 874 мың адам көшіп келген.

2018 жылы Өзбекстаннан қоныс аударушылар, негізінен Түркістан мен Алматы облысына орнығуды құп көріпті. Былтырғы жылы бұл үрдіс аздап өзгерген. 2019 жылы Өзбекстаннан көшіп келгендер Маңғыстау және Алматы облыстарын таңдаған.

Екінші орындағы Ресейден қоныстанушылар Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарын өмір сүруге ыңғайлы көріпті. Дәл осы елден келушілерді қызықтырмайтын екі аймақ барын айта кетейік. Оның бірі Қызылорда облысы, екіншісі – Түркістан облысы.

Жалпы алғанда, Қазақстанға қоныс аударушылары көп ТМД-дағы жалғыз ел Түркіменстан болып отыр. Осы елден атбасын тірегендер бір жыл ішінде 2,5 есе өскен. Және олардың барлығы дерлік Маңғыстау облысының аумағына қоныстануды қалаған.

Қазақстаннан ТМД елдеріне қоныс аударуды ұйғарғандар, негізінен Ресей Федерациясын (39,8 мың адам), Өзбекстан (435 адам) мен Беларусьті (356 мың адам) бетке алған.

Балбалдағы Будда бейнесі

Салмағы үш тоннадан асатын, биіктігі үш метр болатын алып мүсін Текелі қаласының маңында орын тепкен. Ғасырлар көшіне куә болып, ғажайып сыр бүккен қалпында біздің заманымызға жеткен бұл таста Будда құдайының бейнесі қашалған.

Тасқа қашалған Будда бейнесінің қай замандарда пайда болғаны және сәулет өнерінің озық үлгісін меңгерген шеберлердің қолтаңбасын ажырату қазіргі заманғы ғылым үшін әлі жұмбақ болып отыр. Бұл турасындағы өлкетанушылар, географтар, этнографтар мен теологтардың пікірталасы бір арнаға тоғысқан емес. Өйткені тас бетіндегі суреттің салынуы мен Будда құдайы жайлы аңыздардың таралу уақыты сәйкеспей, қала берді оның қазақ даласына қатысты жағы да үнемі дау туғызып келеді.

Ал Текелі даласындағы Будда бейнесі туралы алғашқы ресми дерек XIX ғасырда Жетісу жерін аралаған орыс саяхатшысы, Том университетінің тұңғыш профессорларының бірі болған ботаник, этнограф Василий Сапожниковтың жазбаларында тіркелген екен. Орыс ғалымы ескерткішті «Әулиетас – қырғыздардың киелі тасы» деп атап, осы өңірде әлі күнге дейін айтылатын аңызды мысалға келтіреді.

Ал ғалым Зейнолла Самашевтың айтуынша, бұл мүсін ғалымдардың түрлі болжамдарына арқау болғанымен, ешкімнің нақты ғылыми түсінік беруге дәті жетпейтін көрінеді.

«Текелі тасында Будда суреті ғана емес, құпия жазу бейнеленген. Мистикалық күштің қоршауындағы арыстан-арулар бейнесі тұр. Олардың алақанында Будда отыр. Лотос храмындағыдай қасиетті жеті баспалдақ өрілген. Әр баспалдақтың тұсында арнайы рәсімдер жасау керектігі туралы ишара белгісі бар. Будда бейнесінің жоғарғы тұсында геометриялық кескін салынған. Айналасында белгісіз әріп таңбалар арқылы құпия сөздер жазылған. Бұл Будда іліміндегі жоғарғы санаға қол жеткізген адамға арналған жолдау сияқты көрінеді» деп жазады Зейнолла Самашев бұл туралы өз еңбектерінде.

Тасбелгінің қашан пайда болғаны және оның неге Текелі маңында орналасқаны жайлы да нақты дәлел жоқ. Мысалға, орыс тарихшысы Владислав Волков бұл ескерткіштің пайда болуын ұйғыр қағанаты билік құрған дәуірге теліп, дәл осы жерде қағанатқа қарсы күрескен хақас жауынгері немесе тайпа көсемі жерленген болуы мүмкін деп топшылайды. Ал сәулетші, өлкетанушы Нұраш Жақанов бұл ескерткішті XVIII ғасырдың екінші жартысында жоңғарға қарсы соғысқан Жәңгір ханның әскерлері тасқа қашап қалдыруы кәдік деп тұжырымдайды. Қалай болғанда да, Текеліден Бұрханбұлаққа апаратын жолдың бойындағы Будданың бейнесі жұмбақ сырын жасырған қалпы қасқайып тұр...

Дереккөз: tur17.kz

Қыз құлаған құдық
(эссе)

Гүлсім ХАЛЕЛҚЫЗЫ, Нұр-Сұлтан

Телефоным дыбыс берді. WhatsApp-қа хат келіп жатыр. Таң раундап атып қалған екен. Енді ұйқының жөні бола қоймас...

Әлгі хатты ауылдасым жіберіпті. Жалғыз сурет... Біздің ауылдың құдығы. Көзіме оттай басылды.

Суы тұщы болатын. Бір заманда тұтас ауыл тіршілік нәрін татқан құдық еді. Суреттегісі қазіргі кейпі. Мен оны қартайып, белі бүкірейіп, сүйегі ырсиған кейуанаға ұқсаттым. Тұла бойын жарып шыққан перзенттері емшегін еміп, есейіп, қанатын қағып өзімен өзі кеткенде, жалғыз қалған кейуана болады ғой, дәл соған.

Шүкір, қазір ауылда су бар. «Ақ бұлақтың» мөлдіреген шымыр суы. Шүмекті аш та, ағызып ала бер. Қалағаныңша ал. Су таусылмайды.

...Қателеспесем, ол мен 1-сыныпқа барған, 1982 жылдың қысы. Ол кезде Ақмоланың қысы, охохой, қазіргідей емес (біздің жақтың қысы қылымсуды білмейді). Сол күндері апталап боран соқты. Құдды үйімізді түп орнымен жұлып әкетердей долы боран. Арқаның адамдары алда боран келе жатыр десе, қорадағы көмірдің жарты тоннасын ауызсенекке тасып алатын әдеті. Әйтпесе, бораннан соң қора қайда, жай қайда, таппай қалады. Біз секілді балаларға сабақ жоқ, жылы үй, алысып-жұлысып төрт-бес күндей үйден шықпаймыз.

...Ол кезде әкем тірі. Бірнеше күн бұрын басталған боранның соңы да көрінгендей болып, суға жете алмай отырғандар құдыққа қарай ағылды. Себебі мал да, жан да неше күннен бері суды сыздықтатып ішіп отырған еді. Сол күні Сабыр (иманы саламат болсын) марқұмның үйі ауыл ішін омыртқаға шақырды. Неше күннен бері үйден шықпай зерігіп отырған жұрт, әрине, барады ғой...

Әлгінде сол жаққа кеткен әкем көп кешікпей өңі бұзылып, салып ұрып кіріп келді.

– Төгіңдер ана судың барлығын!.. Қошанның қызы құдықтан табылды.

Үйдегілер тілден айырылғандай, тым-тырыс бола қалды. Ағаларым, шешем бар, барлығы біраз бұрын ғана су толтырылған ыдыс біткенді далаға сүйреп шығарып жатыр.

...Енді не істейміз? Мал мен жан қарап отырған жалғыз құдыққа қыз түсіп өлді. Суды қайдан ішеміз? Кішкентай болсам да, ересек адамша уайымдағаным рас.

Кейін естідім, әкемдер әлгі үйге тегіс жиналып, табақтағы етті енді жей бастаған кезде хабар жеткен екен.

Сөйтіп, бүтін бір ауыл қақаған қыс ішінде сусыз қалды. Қошан (иманы саламат болсын) деген кісінің туа бітті дімкәс, ақылы кемдеу қызы бар болатын. Жасы 18-дерде болу керек. Боран басталған алғашқы күні қараусызда үйден шығып кетіп, у-шу болған еді. Ауылдағылар ақтүтек боранға қарамай іздегенімен, табылмады. Еміс-еміс есімде, сол қызды ауылдың есерсоқ ойын балалары көшеде кезігіп қалса, келеке, мазақ қылатын. Ыза болған әлгі қыз бойы серейіп, бала-шағаны тырқыратып қуады, әлгілерге – ермек. Кейін ойлаймын, буыршын жас ақылдан кем қылғаны үшін налыды ма екен, ауылдың бір шетіндегі үйінен шыққан соң, адасып барып ауылдың екінші шетіндегі құдыққа түсіп кеткен...

Ауыл, сөйтіп, сол күні және келесі күндері де қар ерітіп ішті.

...Күн ұясына еңкейе бергенде суға барған екі бала шелегін суға түсіріп алып, күрмек салған. Күрмектің ауырлығын «талай шелекті бірден шығарып келеміз» деп топшылаған олар, күрмекке шелек емес, адам ілініп келе жатқанын ол тек құдықтың аузына жақындағанда бір-ақ көрген.

Ауыл содан кейін бірталай жыл судан тарықты. Үкімет бұл мәселеге тек 1989 жылы ғана мойын бұра алды. Сол жылдың күзінде ауылға тұңғыш рет құбыр желісі тартылып, тұщы су келді. Халық мәз. Талай жылғы қиындық артта қалды. Ауыл үшін өркениеттің төресі – ауыз су. Әйтпесе одан өзге де «жоқтарға» әлі күнге дейін төзіп келеді ғой.

Онсыз да басына бармақ түгілі, алыстан үркетін құдық халықтың назарынан таса қалды, ешкім бармайды, ешкім ол жайтты айтпады да.

Десек те заман деген түлкі секілді, бір-ақ күнде аунап түсті. Кеңес үкіметі құлап, онымен бірге ауылдың да басынан бағы тайды. Баяғы өркениет тәмам. Қара су тағы зәруге айналды. Сарқырап ағып тұратын су жоқ. Құбырлар суалды. Бұл 90-шы жылдардың соңы болатын. Амалы таусылған ауыл халқы енді не істеді дейсің ғой? Сол баяғы құдыққа қарай аяңдады. Бастапқыда – жүректілері, кейін бәрі бара бастады. «Е, отыз жылда ендігі тазарды ғой» деп қойды бір-бірін қолдап. Осылайша қарауусыз қалған құдық ел басына күн туғанда халықты тағы құтқарды. Жан-жағындағы тақтайы ауыстырылды, сайманы жаңаланды. Халық осы құдықтан күні кешеге, 2013 жылға дейін су ішкенін айтайын. Сол жылы ауылға «Ақ бұлақ» деп атау берілген мемлекеттік бағдарламаның арқасында су келді. Тот басып, шиқылдап тұрған шүмектерден қайта су ақты. Халық тағы мәз. Неше жылдан бері зарықты ғой. Өркениеттің төресі – тұщы су. Одан кейін – қалғандары. Себебі ауыл халқы аузын ашса, алдымен су сұраумен келді.

Иә, қазір ауылда су бар. Шүкір! «Ақ бұлақтың» суы. Кранды аш та, ағызып ала бер, таусылмайды. Ал құдық ше? Құдық тағы тозды.

«Ең бірінші кезекте «Өзің су ішкен құдыққа, өзің түкірме» деген нақылды ескеріп, алғашқы шаруаны ауылдың ішіндегі өзіміз талай жыл суын ішкен құдықтан бастағалы отырмыз». Бұл хатты ауылдастарым жіберіпті. Көп кешікпей олар жұмыла жүріп, құдықты жөндегенін көрдім. Халық бұл жолы заманға семірмеген екен. Қара судың тағы қатқа айналмасын кім біліпті?..

ШЫҒАРУШЫ және МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор Махаббат СӘДУАҚАСОВА

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор Тоқнияз КУЧУКОВ
Бас редактор орынбасарының м.а.: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ
Аға тілші: Гүлсім БЕГІМОВА

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г куәлігі берілді
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
Индексі: 65395
Таралымы: 9 321
Тапсырыс: № 344

«Алматы – Болашақ» АҚ
Алматы қаласы, Алмалы ауданы, С.Мұқанов к-сі, 223В
тел: 8777-163-12-39
Газет айына 8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ748560000000147459
БИК – KCJBKZKX
БИН – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Жұбанов көшесі, 29А.
Телефон: 8 (7172) 49-02-14, ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz

Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: Қайсар ЗАКИРАЕВ Корректор: Айша ӨТЕБӘЛІ Фототілшілер: Медет ӘШІРБЕКОВ, Қуанышбек ДҮЙСЕНБЕКОВ Нөмірдің кезекшісі: Гүлсім БЕГІМОВА